Бекітемін:
«Дельфин» бөбекжайы
меңгерушісі: А.К.Баянова

**«Дельфин» бөбекжайының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша**
**ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты:**
Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.
**Бағдарламаның міндеттері:**
**Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
**Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
**Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
**Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

**Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
**Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Қазан айы** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Қараша айы** – әділдік және жауапкершілік айы;
**Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы;
**Қаңтар** – заң және тәртіп айы;
**Ақпан** – жасампаздық және жаңашылдық айы;
**Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Мамыр** – бірлік және ынтымақ айы.

**Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

**Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

**Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту**

**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**

Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;
Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;
мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;
ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері;

туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.

**Құндылық: бірлік және ынтымақ**

**Құзыреттілік: тиімді коммуникация**
**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**
отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу;
басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту;
ойы мен сезімдерін білдіре алу;

**Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

**Құзыреттілік: қоғамға қызмет**
**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**
жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру;
уәделерді орындай білу.

**Құндылық: заң және тәртіп**

**Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық**

**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**
жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы;
үлкендерді құрметтей білу;
үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

**Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

**Құзыреттілік: инновациялық ойлау**

**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**
үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу;
үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы;
жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу;
жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

**Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық
**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**
шығармашылық қиял мен елестетуге негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту;
сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы;
жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан біліктер мен дағдыларды қолдана білу.

| № | Іс шаралар атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру және әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары** | | | | |
| 1. | «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының кешенді жоспарын дайындау, ведомствоаралық өзара әрекеттесу алгоритмін жасақтау және бекіту. | Өңірлік жоспар | Әдіскер | Тамыз 2024 жыл |
| 2. | Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа негізделген білім мен тәрбие беруді жоспарлаудың біртұтас тәсілін енгізу негізінде жергілікті мүдделі орган өкілдерімен кездесу. | Іс-шаралар | Балабақша ұжымы | Тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны және оны енгізу алгоритмі бойыншпа оқыту семинарын ұйымдастыру. | Ақпарат | Әдіскер | 12-16.08.2024ж. |
| 4. | Білім басқармасының сайтына кешенді жоспарды орналастырып, педагогтер қауымын ақпараттандыру. | Ақпарат | Әдіскер | Қыркүйек 2024 жыл |
| **Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары үшін** | | | | |
| Күнделікті атқарылатын іс-шара | | | | |
| **Апта дәйексөзі:** Ежелден ел тілегі – ер тілегі,<br>Адал ұл ер боп туса – ел тірегі! (Б.Момышұлы) | | | | |
| **№** | **Іс шаралар атауы** | **Аяқталу нысаны** | **Жауапты орындаушылар** | **Орындау мерзімдері** |
| 1 | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу | Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауық | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, қазақ тілінің педагогі, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| 2 | «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру | Әңгімелесу | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі | Күнделікті |
| 3 | «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру | Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын, танымдық, эксперименталдық іс- | педагогтері, ата-аналар | Күнделікті |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | әрекеті<br>Ата-аналарға арналған жадынамалар, нұсқаулықтар, парақшалар | | Жыл бойы |
| 4 | «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру | Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған, шығармашылық, дербес іс-әрекеті | тәрбиешілер | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| **Апта сайын** | | | | |
| 1 | «Менің Қазақстаным» - мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ересек және мектепалды топтардың/мектепалды сыныптардың тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы | Ертеңгіліктер | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыка жетекшісі, әдіскері, дене шынықтыру нұсқаушысы | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| 2 | «Апта дәйексөздері» - ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, | Дәйексөздерді ақпараттық стендттерде, | Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, | Жыл бойы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | коридордағы теледидарларда орналастыру, мнемо кестелерде ойнату | Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру | әдіскері | |
| 3 | «Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету | Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу, көркем шығармалар оқу | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| **Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы** | | | | |
| 1 | 1 қыркүйек - Білім күні<br>«Балабақша - жайлы мекен» | Балабақшада экскурсия өткізу | Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері, педагогтері | 1- апта |
| 2 | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>«Тілім менің тірегім» | Мәнерлеп оқу конкурсы | Мекепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, қазақ тілінің педагогі | I-апта |
| 3 | **«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындаға балалар кітапханасы | Жобалық іс-әрекет | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері | 2-апта |
| 4 | **«Smart bala» жобасы** | Құрастыру бойынша балалар іс-әрекеті | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Үнемі |
| 5 | «Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық | Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 3-апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту | | | |
| 6 | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемше: «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында) | Ұлттық ойындар | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, әдіскері, | 2-3-апта |
| 7 | Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру | Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Үнемі |
| 8 | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы** «Тілге бойлау» жобасы қазақ тілін меңгеру | Жобалау іс-әрекеті | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, өазақ тілі пән мұғалімдері | Үнемі |
| 9 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығымен таныстыру | Бұйрық | Білім басқармасы Қалалық төтенше жағдайлар департаменті | Тәрбиелеу-білім беру процесінің перспективалық жоспарға сәйкес |
| **Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы** | | | | |
| 1 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | Танымдық, | Мектепке дейінгі | Тәрбиелеу-білім |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Жас метеоролог» экологиялық бағытта | эксперименталдық іс-әрекет | ұйымның тәрбиешілежобамен жұмысрі | беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| 2 | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемше: «Бәріміз бірге мықтымыз» (мектепке дейінгі ұйымның педагогтері арасында) | Жарыс ойыны | Мектепке дейінгі ұйымның дене шынықтыру нұсқаушысы | 1-апта |
| 3 | «Мен Отаныммен мақтанамын!» | Ертеңгілік | Мектепке дейінгі ұйымның қазақ тілі педагогі, музыка жетекшісі | 2-апта |
| 4 | Менің елім - Мәңгілік ел! | Әдістемелік ұсынымдар | Мектепке дейінгі ұйымның әдскері | 3-апта |
| 5 | «Қауіпсіз балабақша» терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша профилактикалық, оқу, жаттығу шараларын өткізу (МДҰ ішілік) | Оқу жаттығу шаралары | Білім басқармасы Қалалық төтенше жағдайлар департаменті | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| **Қараша – әділдік және жауапкершілік айы** | | | | |
| 1 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** «Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері» | Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| 2 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** «Қоғамдық мүлікті қорға» | Әңгімелесу | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Күні бойы |
| 3 | «Адалдық алаңы», «Әлем біздің ацналамызда», «Табиғат әлемі» мектепалды топтарында іс -шара | Мультфильм қарау, іс-шара | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| **Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы** | | | | |
| 1 | «Республикам – мақтанышым!» | Ертеңгілік | Мектепке дейінгі | 1-апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | ұйымның педагогтері, әдіскері | |
| 2 | «Жапырақ тамырдан нәр алады» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында) | Зияткерлік ойындар | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері | 2-апта |
| **Қаңтар – заң және тәртіп айы** | | | | |
| 1 | «Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту | Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 1-апта |
| 2 | «Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (мектепалды жастағы балалар үшін) | Әңгімелесу | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 2-апта |
| 3 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** «Біз - экологпыз» | Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 3-апта |
| 4 | «Техника және біз» техногендік сипат орын алғаннан кейінгі медициналық алғашқы көмек көрсету | Іс –ашра | Білім басқармасы Қалалық төтенше жағдайлар департаменті | 3-апта |
| **Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы** | | | | |
| 1 | **«Smart bala» жобасы** «Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам | Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 1-апта |
| 2 | Ұлттық үстел үсті ойындары | Үстел үсті ойындары | Мектепке дейінгі | 2-апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | ұйымның тәрбиешілері | |
| 3 | «Өнерліміз, өркенбіз» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында) | Қол бұйымдарының көрмесі | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар | 3-апта |
| 4 | Терроризм актісінің қаупі төнген жағдайда халықтың іс-әрекеті. Ата-аналармен жұмыс | Слайд, баяндама | Білім басқармасы Қалалық төтенше жағдайлар департаменті | 3-апта |
| **Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы** | | | | |
| 1 | «Ізгіліктің бір ізі – алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен) | Челлендж | Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері | 1-апта |
| 2 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** «Еңбектің наны тәтті» | Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері | 2-апта |
| 3 | «Наурыз – жыл басы!» | Ертеңгілік | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері | 3-апта |
| 4 | «Мен және қоршаған орта» терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша профилактикалық, оқу, жаттығу шараларын өткізу (мдұ ішілік) | Оқу жаттығу шаралары | Білім басқармасы Қалалық төтенше жағдайлар департаменті | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| **Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы** | | | | |
| 1 | **«Балалар кітапханасы» жобасы** «Шын жүректен кітап сыйла» - Халықаралық балалар кітабы күні | Челлендж | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар | 1-апта |
| 2 | Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау | Сюжетті-рөлдік ойын | Мектепке дейінгі | 2-апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мәдениеті | | ұйымның тәрбиешілері | |
| 3 | «Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» және басқалары | Сюжетті-рөлдік ойындар | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 3-апта |
| 4 | **«Балалар кітапханасы» жобасы** «Кітаппен жарқын әлемге» (жергілікті балалар жазушыларымен кездесу) | Кездесу | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 3-апта |
| 5 | «Әжемнің ертегілері» | Жобалау іс-әрекеті | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата- аналар, әжелер | 4-апта |
| 6 | Мен және ересектер әлемі | Түсіндірме жұмысы | Білім басқармасы Қалалық төтенше жағдайлар департаменті | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| **Мамыр – бірлік және ынтымақ айы** | | | | |
| 1 | «Достығымыз жарасқан» | Балалар суретінің көрмесі | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | 1-апта |
| 2 | «Білімім – Отаныма!» | Ертеңгілік | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 2-апта |
| 3 | «Табиғатты сақтайық!» | Жобалау іс-әрекеті | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 3-апта |
| **Маусым – тәуелсіздік және отаншылдық айы** | | | | |
| 1 | 1маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні | Мерекелік іс -шара | Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі, тәрбиешілері | Маусымның 1 аптасы |
| 2 | 4 маусым –ҚР рәміздері күні | Сынып сағаты | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Маусымның 2 аптасы |
| 3 | **«Шабыт» жобасы** «Домбыра күні» | Концерт және көрме | Мектепке дейінгі ұйымның қазақ тілі | Маусымның 2 аптасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | педагогі, музыка жетекшісі | |

**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** «Жастерек»
**Тобы:** «Ақбота»
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек

| Қ/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | | ***Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы*** |
| 1. | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Шаңырақ, Теңге алу, Бес тас, Шертпе тас, Тоғыз құмалақ т.б.) «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында 2- апта) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында 3-апта)<br>**Еңбегі адал жас өрен,** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Табиғат орталығында, алаңқайда, топта, үйде қарапайым істерді орындпуға көмектесу (Ойын шаралар: Мен дұрыс киіне білемін, Қызық екен, Сұрақ-жауап, Тазалық біздің досымыз, Әдептілік әліппесі, Адалдық адамдықтың белгісі, Болады болмайды , Ы.Алтынсарин Бір уыс мақта , Әке мен бала шығармсын әңгімелеу т.б.) |
| 2 | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау |
| 3 | Көркем әдебиет | **«Балалар кітапханасы»-жобасы** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Саут ашу негіздері | 1- Қыркүйек білім күні Балабақша-жайлы мекен мерекелік шара |
| 5 | Қазақ тілі | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері ақпараттық стендттерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Ел боламын десең, бесігіңді түзе, Еңбек еткен — мұратқа жеткен, Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Дос – ажарың, жолдас – базарың.<br>**«Тілім менің тірегім»** ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету |
| 6 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | **Қаржылық сауаттылық** математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интелектуалдық қабілеттерін дамыту.Заттарды зерттеу барысында олардың пішин көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банкомат, Тенге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б. |
| 7 | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br>Сурет салу | **Бояулар сыры-** топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту |
| 8 | Мүсіндеу | Зергерлік бұйымдарымен (тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру |
| 9 | Жапсыру | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру, (Құстар біздің досымыз, Күз сыйы, Көкөністер, Балабақшам мақтанышым т.б.) |
| 10 | Құрастыру | **«Қамқор» жобасы Құстарға ұя саламыз**, ата-анамен бірге өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған зат ұяның шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Әже өсиеті, Әке шапағаты, Ұрпақ сабақтастырғы жоба жұмыстарын жүргізу. |
| 11 | Музыка | **«Күй күмбірі»**, балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. |

| | | |
|---|---|---|
| 12 | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br><br>Қоршаған ортамен таныстыру | **«Үнемді тұтыну»**, «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру<br>**Еңбегі адал жас өрен:** үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау<br>**Қауіпсіздік ережесі** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллебус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Білім беру ұйымы:** «Жастерек»
**Тобы:** «Ақбота» ересек топ
**Балалардың жасы: 4**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024 жыл қыркүйек айы, І- апта (2-30 аралығы)

| **Күн тәртібі** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы*** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту.<br>**Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну | | | | |
| **Балалардың дербесәрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Балалар кітапханасы жоба аясында (Мақсаты:** шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, кітаптағы суреттерді қарай отырып, олардың мазмұны | **«Тілім менің тірегім»** ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс мақсаты: сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету (Сөйлеуді | **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Мақсаты:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын | **SMART DALA жобасы**<br>**Мақсаты:** ата-анамен бірге өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықп | **Мақсаты:** Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін ккзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды құру.<br>***Ойын: «***Ақша жұмсап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу **Ойын:** «Қызықты кітаптар» **(Көркем әдебиет)** | дамыту) | дамыту. **Ойын:** «Ертегі кейіпкерін көрсет» **(көркем әдебиет)** | ен құрастыруға баулу. ***Ойын:*** «Пішінді құрастыр» (Құрастыру) | үйренеміз» ***( Математика негіздері).*** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Менің Қазақстаным** таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру | | | | |
| **Таңғы ас** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмейміз. **(Сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>Ойын: Айырмашылығын тап<br><br>Мақсаты: математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интелектуалдық қабілеттерін дамыту | **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Еңбегі адал жас өрен,** Ы.Алтынсарин Әке мен бала шығармсын әңгімелу<br><br>**Мақсаты:** шығарманы есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға дағдыландыру, ата-анамен баланың қарым қатынасын нығайту | **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>Ойын: Әмиян, Дүкен<br><br>Мақсаты: есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ маторикасын дамыту | **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**«Балалар кітапханасы»-жобасы** «Мақта қыз бен мысық сахналық қойылым Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу | **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Еңбегі адал жас өрен:** үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау |
| **Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Ойын:** «Тазалық біздің досымыз»<br>**Мақсаты:** өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқуға үйрету<br>**Математика негіздері**<br>**Ойын:** «Айырмашылығын тап | **Қазақ тілі**<br>**Ойын:** «Телефон»<br>**Мақсаты:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** | **Көркем әдебиет**<br>**Ойын:** «Бұл қай ертегі?»<br>**Мақсаты:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген | **Математика негіздері**<br><br>**Ойын:** «Анамызға дастархан жаюға көмектесейік»<br>**Мақсаты: еңбенекке. Оны құрметтеуге** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Ойын:** «<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Ойын:** «Сөздерді ата?»<br>**Мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интелектуалдық қабілеттерін дамыту. **Сурет салу мүсіндеу Жапсыру** Ойын : Күз сыйы Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру **Құрастыру** **Ойын: «Құстарға ұя саламыз»** **Мақсаты:** қауіпсіздік ережелерін білуге оны қолдануға үйрету **Қоршаған ортамен таныстыру** **Еңбегі адал жас өрен:** үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау | | қызығушылығын дамыту. **Математика негіздері** **Ойын:** «Бірдей заттарды топтастыр» **Мақсаты:** | **Көркем әдебиет** **Ойын:** « **Музыка** **Дене шынықтыру** | заттарды көрсете отырып аттарын атау, айырмашылығын атау **Қазақ тілі** **Тілім менің тірегім»** ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету **Дене шынықтыру** **Тас қалаймыз** мақсаты: Ұлттық ойындарды еркін ойнайды, қызығушылығы артады, ойынның ойналу әдісін меңгерту |
| **Серуенге дайындық** | **Еңбегі адал жас өрен,** «Мен дұрыс киіне аламын» **мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру | | | | |
| **Серуен** | **№1 «Күзді бақылау»** **Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшелігін ажыратуға дағдыландыру. **Қимылды ойын:** Кім көп сөз біледі. **Мақсаты:** Балалардың ой-өрісін дамыту.Ойлау, есте сақтау қабілетін арттыру. **Еңбегі адал жас өрен::** Түскен жапырақты жинау. **Мақсаты:** түрлі-түстерді | **№2«Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау»** **Мақсаты:** *Жыл мезгілінің өзгеру белгілерін үйрету.* **Қимылды ойын:** «Бәйге». *Мақсаты:* Шапшаңдыққа, ептілікке дағдыландыру. **Еңбек** Ойын алаңындағы | **№3 «тасты бақылау»** **Мақсаты:** өлі табиғат туралы түсінігін қалыптастыру **Ұлттық ойын:** «Орамал тастамақ» **Мақсаты:** аңғарымдылығын, зеректігін арттыру **Еңбек:** Гүлдердің жапырағын жуу. **Мақсаты:** Балалардың өз еркімен еңбек етуге | **№4 «Үлкендер еңбегі»** **Мақсаты:** балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру **Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» | **№5 «Күзгі ағашты» бақылау** **Мақсаты:**құбылыстар **Қимылды ойын:** «Жапырақ жинау» **Мақсаты:** Ептілікке баули отырып , түстерді ажырата алуға үйрету. **Еңбек:** Аланда жерге түскен жапырақтарды түс-түсімен жинау. **Мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажырата алуға, еңбектене білуге үйрету. | жапырақтарды жинау.<br>*Мақсаты:*<br>орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>. | машықтандыру.<br>. | **Мақсаты:** Балаларды берілген белгі бойынша шапшаң қимылдауға, зейінін аударуға және ұйымшыл болуға үйрету.<br>**Еңбек:** аула гүлдеріне су құю.<br>**Мақсаты:** еңбекке деген құлшынысын ояту. | Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту. |
| **Серуеннен оралу** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру.<br>**Тазалық**<br>Сылдыр-сылдыр-сылдыр су.<br>Беті қолды әркез жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым.<br>Аппақ бетің маңдайын. **(Сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмейміз. **(Сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының киінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу. «Бесік жыры» тыңдату. мақсаты: музыка тыңдайды **(музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | **Еңбегі адал жас өрен,** Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Кім жылдам» мақсаты тапсырмаларды орындайды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгереді. **(Дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы)** | | | | |
| **Бесін ас** | **Еңбегі адал жас өрен,** мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Қонжықты тамақтандырамыз» мақсаты: үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды.<br>**(Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және** | **Мақсаты:** ұлттық қимылды ойындар туралы түсінігін қалыптастру<br>**Ұлттық ойын- ұлт** | **Сахыналау:** «Мақта қыз бен мысық»<br>***(Көркем әдебиет)***<br>**Мақсаты:** Балаларды | **Дидактикалық ойын: «Телефон»**<br>***(Қазақ тілі)***<br>**мақсаты**: Ауызекі | **ойын:** Бестемше<br>***(дене шынықтыру)*** | **Сюжетті ролдік ойын:**Дүкен<br>***(қоршаған ортамен таныстыру)*****Мақсат** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқа әрекеттер)** | **қазынсы** «Тоғызқұмалақ», ***(дене шынықтыру)*** | қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу. | сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. | **Мақсаты:** балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; | **ы:** Болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**ертегісінің суретін қарау,** | **Ойын:** «Ертегі кейіпкерін көрсет» **(Көркем әдебиет Мақсаты:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>) | **«Көңілді аспаптар»** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. **(Музыка)** | **Ойын: «Шебер қолдар, сыр шертеді»** мақсаты зергерлік бұйымдарымен ( тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру **(Мүсіндеу)** | **Ойын: «Пішінді құрастыр»**<br>**Мақсаты:** ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастырады.<br>(***Құрастыру)*** | **Ойын: «Бұл не?»**<br>**( Математика негіздері).**<br>**Мақсаты:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру. |
| **Серуенге дайындық, серуен** | **Еңбегі адал жас өрен** «Кім жылдам»<br>**мақсаты:** Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| Серуен, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, қимыл-қозғалысты ойындар және тағы басқа әрекеттер), серуеннен оралу | **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Ұлттық ойын- ұлт қазынсы Қыз қуу**<br>**Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа , зейінді болуға, ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру | **(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет)**<br>**Бояулар сыры-** топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра | **Қарым-қатынас іс-әрекеті) Қауіпсіздік ережесі Ойын: Бағдаршам** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. | **Дербес қимыл Қимылды ойын:** «Кімнің шары алысқа ұшады?» **Мақсаты:** Дөңгелек жақ бұлшық етін дамыту, тыныш тұрған еріндер кезінде мұрынмен дұрыс тыныс алуын жаттықтыру. | **Баяу қимылды Қимылды ойын:** «Не жүреді және ұшады?» **Мақсаты:** Әртүрлі қимылдар жасауға машықтану, қимылдардың үйлесімділігін дамыту, зейін және есту анализаторларын, қол мен аяқ-қимылдарын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | білуін дамыту. | | | |
| **Үйге қайту** **Өнегелі-15 минут** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру | | | | | |